

**Туризм және спорт министрлігінің, Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің, «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ
Қоғамдық кеңестерінің бірлескен отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 6

16 сәуір 2025 жыл
сағ. 11:00

Төрағалық етті: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Қоғамдық кеңесінің төрағасы Е.Б. Қанағатов.

Қатысқандар: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің, «Kazakh Tourism» ҰК АҚ қоғамдық кеңестерінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің қызметкерлері (тізім бойынша).

«Қазақстан Республикасында туристік саланы одан әрі дамыту туралы»

*(Қанағатов, Байменов, Мырзабосынов, Шаимова, Еркінбаев, Жайықов, Құрымбаев,
Нұрғазиева, Бөкенов, Рей, Тикенов, Шамиль, Байдусенов, Верницкая)*

1. Туризм және спорт министрінің орынбасары Е.М. Еркінбаевтың Қазақстан Республикасында туристік саланы одан әрі дамыту туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне:

2.1) уәкілетті органдармен бірлесіп, әуе (шағын авиация) және су көлігін сатып алу кезінде туристік сала субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету мәселесін пысықтау;

2.2) ұйымдасқан топ құрамында балалардың («kids go free») әуе саяхатын субсидиялау бағдарламасының қолданылуын тарату мәселесін пысықтау;

2.3) «Kazakh Tourism» ҰК АҚ-мен бірлесіп жасанды интеллект базасында ел ішінде туристерді қолдаудың бірыңғай колл-орталығын құру мүмкіндігін қарастыру;

2.4) «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» бұрын жойылған төсбелгілерді оқушылар үшін енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

2.5) оқушыларға туристік қызмет кәсіпорындарына экскурсиялар ұйымдастыру;

2.6) туристік объектілерде сервис жүйесін жетілдіру жөнінде кешенді шаралар қабылдау;

2.7) маркетингтік тартымдылықты арттыру мақсатында «туристік объект» ұғымын институттандыру;

2.8) туристік саланы дамытуға бағытталған қаржыландырудың жекелеген бюджеттік желісін бөлу мәселесін пысықтау;

2.9) тур-күндердің жалпы көлемін бағалаудың әлемдік практикасынан әрбір өңір мен аудан бөлінісінде тур-күндер санын есепке алуға негізделген анағұрлым дәл талдау құралына көшу мәселесін пысықтау;

2.10) бейінді білімі бар мамандарды тарта отырып, туризм саласындағы басқарудың вертикалін енгізу мәселесін қарастыру;

2.11) «BedTax» туристік салығын қалпына келтіру мүмкіндігін қарастыру, оның түсімдері туризмді қалыптастыру және дамыту үшін арнайы қорға жіберілетін болады;

2.12) Қазақстанмен визасыз режим қолданылатын елдерден келетін туристерден міндетті жинақ енгізу мәселесін пысықтау;

2.13) туризм саласын танымал ету мақсатында мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп телебағдарлама немесе ютюб-арна құру мүмкіндігін, сондай-ақ ұлттық брендтің өкілдері ретінде көшпелі азаматтардың қатысуы есебінен Қазақстанды шетелдік азаматтар арасында жарнамалық ілгерілету тетігін пысықтау;

2.14) туристік әлеуетті терең талдау және негізделген туристік маршруттарды әзірлеу мақсатында ғылыми-зерттеу тәсілдерін енгізуді қамтамасыз ету;

2.15) жаңа туристік маршруттарды анықтау мақсатында экспедициялық турлар өткізу;

2.16) ішкі туризмді дамыту мақсатында ел ішінде демалуға жолдама алған жағдайда қосымша демалыс күндерін ұсыну мәселесін пысықтау;

2.17) геопарктер құру мәселесін пысықтау;


2.18) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің сарапшыларымен бірлесіп, туризм саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар пакетін әзірлесін.

**Қоғамдық кеңес
төрағасы**



Е. Қанағатов

**Қоғамдық кеңес
хатшысысы**



Ж. Мұхтарова